

<b>Білім беру бағдарламасы</b>	<b>БВ04203 ҚР Білім беру жүйесіндегі құқықтану және құқықтық қамтамасыз ету</b>
<b>Мақсаты</b>	Білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын, қазіргі еңбек нарығындағы серпінді өзгеріп отыратын талаптарға жауап беретін және кәсіптік білім берудің халықаралық деңгейіне сәйкес келетін жоғары білімді заңгерлердің жаңа буынын даярлау
<b>БББ күтілетін нәтиже</b>	<p><b>РО 1.</b> белсенді азаматтық ұстанымды, патриотизмді, сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсете отырып, мемлекет пен құқықтың тарихи дамуының негізгі кезеңдері мен заңдылықтары туралы білімді жалпылау;</p> <p><b>РО 2.</b> құқықтық талдау және құқықтық қызмет саласындағы терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды растау;</p> <p><b>РО 3.</b> жанжалсыз қарым-қатынас дағдыларын көрсете отырып, тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби өзара іс-қимыл міндеттерін шешу мақсатында әртүрлі тілдерде қарым-қатынас жасау;</p> <p><b>РО 4.</b> білім беру қызметіндегі басқарушылық инновацияларды талдау және дамыту, оңтайлы басқару шешімдерін таңдау арқылы кәсіпкерлік және бизнесті басқару негіздерін анықтау;</p> <p><b>РО 5.</b> ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін құқықтық ақпаратты талдай және ұсына отырып, білім беру қызметінде материалдық және іс жүргізу құқығының, оның ішінде НҚА нормаларын қолдану;</p> <p><b>РО 6.</b> білім беру құқықтық қатынастарын реттейтін НҚА мазмұны мен толықтығын бағалай отырып, мемлекет пен білім беру саласындағы басқа да құқық субъектілері арасындағы құқықтық қатынастардың туындауы мен тоқтатылуын түсіндіруге;</p> <p><b>РО 7.</b> құқық бұзушылықтардың оның ішінде білім беру саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу жөніндегі шараларды айқындау және ұсыну;</p> <p><b>РО 8.</b> ұлттық және халықаралық нормаларды қолдана отырып, білім беру процесін құқықтық сүйемелдеуді және құқықтық қолдауды, білім беру субъектілерін қорғауды жоспарлау және ұйымдастыру;</p> <p><b>РО 9.</b> құқықтық іс жүргізуді, оның ішінде іс жүргізу құжаттарын және білім беру саласындағы құқықтық сараптама құжаттарын қамтамасыз ету;</p> <p><b>РО 10.</b> тіршілік қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін өткізілетін іс-шараларды бағалау, қорғаудың оңтайлы тәсілдерін таңдау, Өндірістегі еңбекті қорғау саласындағы қауіптерді анықтау және тәуекелдерді бағалау;</p> <p><b>РО 11.</b> конституциялық құрылыстың негіздерін, мемлекеттік органдар қызметінің құрылымын, функциялары мен қағидаттарын, құқықтық және мемлекеттік құбылыстардың мәнін, сипаты мен өзара іс-қимылын түсіндіру;</p> <p><b>РО 12.</b> Қазақстан Республикасының Әкімшілік-құқықтық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің мазмұны мен толықтығын қолдануға, бағалауға, мемлекет пен басқа да заңды тұлғалар арасындағы қатынастардың туындауын және тоқтатылуын түсіндіруге;</p> <p><b>РО 13.</b> азаматтық-құқықтық, азаматтық іс жүргізу заңнамасының негізгі ережелерін қолдану; жеке құқықтық қатынастардың пайда болуы мен тоқтатылуын түсіндіру, стандартты емес жағдайларда оңтайлы шешімдер қабылдау;</p> <p><b>РО 14.</b> заңдылық пен құқықтық тәртіп режимін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктерін, қылмысқа, атап айтқанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл әдістерінің тиімділігін, құқықтық нигилизмнің себептерін, сот-тергеу практикасының қателіктерін, қылмыстық саясаттың негізгі бағыттарын іске асырудың жай-күйін бағалау;</p> <p><b>РО 15.</b> құқықтың мәнін қоғамдық қатынастарды реттеуші ретінде түсіну, құқықтық жүйенің құрылымы мен элементтерін, қазіргі мемлекет пен құқық функцияларын жүзеге асырудың формалары мен әдістерін білу.</p>
<b>ОП түрі</b>	Жаңа БББ

<b>ҰБШ бойынша деңгей</b>	6
<b>СБШ бойынша деңгей</b>	6
<b>Берілетін академиялық дәреже</b>	6B04203 ҚР Білім беру жүйесіндегі құқықтану және құқықтық қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша құқық бакалавры
<b>Оқыту мерзімі</b>	4
<b>Кредиттердің көлемі</b>	240
<b>Кәсіптік стандарттың атауы</b>	-
<b>Ғылыми кеңесте БББ бекіту күні</b>	10-04-2023